




# Спорт-біздің досымыз



Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Арыстанғалиева Н.А.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Міндеті: Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру;

Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, мергендік пен шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

Түрі: Эстафеталық ойын.

Өтілетін орны: Қысқы спорт алаңы.

Көрнекілігі: түрлі - түсті шарлар, доптар, кедергілер, шана, ысқырық, қақпа, шайба.

Құрметті тәрбиешілер мен балалар, бүгінгі «Спорт – біздің досымыз» сайысына қош келдіңіздер!

Көңілді жарысқа 2 топтың яғни, «Аққала» және «Шырша» тобы қатысады. Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын,

Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,

Болашақ спортшылар келді ортаға

Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

Салауатты өмір салтын сақтаңыз,

Жаттығудан ешқашан да қашпаңыз.

Бала бақша балалары

Парасатты, айбынды,

Болыңыз сіз сегіз қырлы, бір сырлы.

Балалар біздің ортамызға біздің досымыз Қоянды шақырайықшы !

Балалар: Қоян , коян !- деп ортамызға шақырады.

- Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар! Сайысымызды бастаймыз.

I. Кезең. «Қар тасу»

Шарты: Стартта тұрған қарды күреп алып, межеде тұрған ыдысқа тасу. Балалар кезекпен осы әрекетті қар біткенше орындайды. Балқайлар сәттілік !

II. Кезең. «Шанамен сырғанау»

Шарты: Балалар старттан бір бала шанаға отырады , келесі бала межег дейін шанамен сөйреп апарады және межеге келген кезде келесі бала ауысып шанаға отырады.

III. Кезең. «Ирек жолдар»

Шарты: Қар бетіне салынған түрлі ирек сызықтармен балалар кезекпен-кезек жүгіреді.

IV. Кезең. «Хоккей ойыны»

Шарты: Балалар хоккей таяғын алып, хоккей шайбасын кедергілер арқылы алып өтіп, қақпаға соққы жасайды. Қай топта көп гол болса сол топ жеңіске жетеді.

Осымен эстафеталық сайысымыз аяқталды, балалар белсене қатысқаны үшін мадақтама мен сыйлықтар беріледі.

Спорт – көркі өмірдің,

Спорт - досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік балалар!



